

KazREF (ҚазЖЭКР) Universal Energy – «Жаңғыз солар»

Орналасқан жері:
Қазақстан

Жобаның номері:
50640

Саласы: электр
энергетикасы

Мемлекеттік/жеке сектор: жеке

Экологиялық санаты:
«В»

Директорлар кеңесі қарауының белгіленген мерзімі:
9 сәуір 2019 жыл

Жағдайы:
тұжырымдаманы қараудан өтті, түпкілікті қарау күтіліп отыр

Жобаның түйіндемесі ағылшын тілінде жарияланған
күн: 19 наурыз 2019 жыл

Жобаның сипаттамасы

Қазақстанның Шығыс Қазақстан облысы Жаңғызтөбе кенті ауданында 30 МВт фотоэлектрлік қуат орнатылған күн фотоэлектр станциясының (КФЭС) жобасын әзірлеу, құрылысын салу және оны пайдалану мақсаттары үшін «Жаңғыз солар» ЖШС-ін жобалық қаржыландыру қағидаттарымен 12 млн. АҚШ долларына дейін көлемде қазақстандық теңгемен аға кредит бөлу («Жоба»). Жоба 5 млн. АҚШ долларына дейінгі сомада Жасыл климаттық қордан қоса қаржыландырылады деп күтілуде.

Жобаның мақсаттары

Жоба Қазақстан үшін жаңғыртылатын энергетика бойынша негіздемелік бағдарламада тұжырымдалған мақсаттарды іске асыруға желіге ЖЭС 30 МВт қосымша қуатын жеткізу, сонымен қатар Қазақстан энергетикасында жеке сектор үлесін ұлғайту есебінен ықпал ететін болады деп күтіледі.

Көшпелі процеске әсер

Жоба желіге гелиостанциялардың қосымша қуатын (шамамен 42000

МВт.сағ.) жеткізу және жобалық қаржыландыру қағидаттарымен Жобаны қаржыландыру есебінен көшпелі процестің «экологиялылық» атрибутын іске асыруға ықпал ететін болады. Жобаны іске асырудың арқасында жаңғыртылатын энергетика бойынша Негіздемелік бағдарламада бекітілген CO₂ шығарындыларын жылына шамамен 600 мың тоннаға дейін қысқарту мақсаты жылына 35 450 тоннадан аса CO₂ болып орындалады деп күтілуде. Бұдан басқа, Жоба жаңа халықаралық жеке компанияның жаңғыртылатын энергия көздерін қазақстандық нарыққа шығару есебінен «бәсекелестік» атрибутын іске асыруға ықпал ететін болады.

Клиент туралы ақпарат

«Жаңғыз солар» ЖШС («Қарыз алушы») – бұл Қазақстан Республикасында күн электр станциясын жобалау және салу үшін құрылған жобалау компаниясы. Жобалау компаниясының іс жүзіндегі демеушісі және негізгі компаниясы өз қызметінде жаңғыртылатын энергетикаға бірінші кезекте көңіл бөлетін қытайлық *Universal Energy Co. Ltd* электр энергетикасы компаниясы болып табылады.

ЕҚДБ қаржыландыруы

12 млн. АҚШ долл.

Жобаның жалпы құны

22,5 млн. АҚШ долл.

Экологиялық және әлеуметтік мәселелер

Жоба «В» санатына жатқызылған (2014 жыл редакциясындағы Экологиялық және әлеуметтік саясат бойынша).

Жаңа күн фотоэлектр станциясын салумен және пайдаланумен байланысты экологиялық және әлеуметтік тәуекелдер мен әсер экологиялық және әлеуметтік кешенді зерттеу (ЭӘКЗ) шеңберінде бағаланды және экологиялық және әлеуметтік іс-шаралар жоспарын (ЭӘІЖ) жүзеге асыру есебінен реттелетін болады.

Тәуелсіз кешенді экологиялық және әлеуметтік зерттеу қазіргі кезеңде Жобаның қабылдайтын елдің қоршаған ортаны және адам денсаулығын және тіршілік қауіпсіздігін қорғау бойынша заңнамасының талаптарын толық қанағаттандыратындығын және экологиялық және әлеуметтік менеджменттің озық әдістерін қолдану, ЭӘІЖ орындау және мониторинг негізінде Банктің Жобаларды іске асыру талаптарына (IAT) сәйкес келетіндей құрылымдала алатындығын растады.

Ықтимал қолайсыз экологиялық және әлеуметтік әсер негізінен құрылыс жұмыстарымен және нормативтерімен және мердігердің кадрлар біліктілігі, еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және әлеуметтік жауапкершілік бойынша мүмкіндіктерімен, сонымен қатар оның экологиялық және әлеуметтік менеджмент жүйесімен байланысты. Жоба жер пайдалануға

және тіршілік ету көздеріне қандай да бір елеулі теріс әсерді болжамайды және бұны құрылыс уақытында және пайдаланудың бастапқы кезеңінде бақылау жүзеге асырылатын болады.

Сонымен қатар Жобаның орналасқан жері мен әлеуметтік объектілердің жоқтығы себепті де биологиялық әралуандылыққа әсердің төмен болатындығы болжанады.

Кейбір қалдық тәуекелдер объектіге соқтығысудан құстардың ықтимал опат болуымен шартталған және құстар өлімінің деңгейін үнемі мониторингтеу арқылы реттелетін болады.

ЭӘКЗ-де Экологиялық және әлеуметтік менеджмент облысында, соның ішінде: қоршаған ортаны және адам денсаулығын және тіршілік ету қауіпсіздігін қорғау жүйесін нығайтуды, мердігерлердің жұмысын ұйымдастыруды және өндірістік кооперация жүйесін басқаруды, құрылыс барысында шудың және шығарындылардың деңгейлерін төмендетуді, мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу жоспарын және шағымдарды қарау тетігін қоса, бірқатар жақсартуар қарастырылған.

ЭӘКЗ талаптарының шеңберінде Компания Жобаны іске асыру ауданының, жергілікті әлеуметтік инфрақұрылымды қоса, дамуына және жергілікті халықпен жұмыс атқаруға және Жоба туралы хабардарлықты жоғарылатуға бағытталған корпоративтік әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыратын болады.

Құрылған ЭӘІЖ Жобаға қол қойылғанға дейін Клиентпен келісілетін болады және оның орындалуы мен қызметтің жалпы экологиялық және әлеуметтік көрсеткіштері Банкпен жыл сайынғы экологиялық және әлеуметтік есептілік арқылы бақыланатын болады. Жоба бойынша мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу жоспары (МТыЖ) және жалпы техникалық емес түйіндеме әзірленді.

Техникалық ынтымақтастық

Техникалық ынтымақтастық бойынша кешенді зерттеу шығыстарын оларды Қазақстан үшін жаңғыртылатын энергетика бойынша қолданыстағы негіздемелік бағдарлама шеңберінде, онда белгіленген критерийлерге сәйкес алу мүмкін болған жағдайда бірлесіп қаржыландыру үшін ресурстар іздестірілетін болады.

Компаниядағы байланысушы тұлға

Минь Гао мырза
min_gao@universalenergy.com
+8613918186737

Жобаларға қатысу үшін мүмкіндіктер

Жобаға немесе сатып алуларға қатысу сұрақтары бойынша компания-клиентке өтініш жасауды сұраймыз.

Мемлекеттік секторағы жобалар: [EBRD Procurement](#) қараңыз. Анықтама үшін:
тел. +44 20 7338 6794 эл. пошта: procurement@ebrd.com

Жалпы анықтама

ЕҚДБ-ның сатып алуды жүзеге асырумен байланысты емес жобалары бойынша анықтамалар

Тел.: +44 20 7338 7168; эл. пошта: projectenquiries@ebrd.com

Жұртшылықты ақпараттандыру қағидаттары (ЖАҚ)

ЖАҚ ЕҚДБ-де белгіленген оның стратегияларын, саясаттарын және операциялық қызметтерін анағұрлым тереңірек түсінуге және білуге көмектесу үшін ақпаратты ашып көрсету және мүдделі тараптармен консультация өткізу тәртібін анықтайды.

[ЖАҚ мәтіні](#)

Жобаларға байланысты шағымдарды қарау органы (ШҚО)

Жобаларға байланысты шағымдарды қарау органы (ШҚО) ЕҚДБ қызметінің есептілігін қамтамасыз ететін тетік болып табылады. Ол жеке тұлғалардан және ұйымдардан Банк қаржыландыратын, шағым берушілердің пірінше, экологиялық және (немесе) әлеуметтік зиян келтірген немесе келтіруі мүмкін жобаларға қатысты келіп түскен шағымдарды тәуелсіз қарауды жүргізу мүмкіндігін береді.

Шағым беру нышандары туралы ақпаратты [Жобаларға байланысты шағымдарды қарау органының](#) сайты бетінен қараңыз. ШҚО Процедураларының қағидалары бойынша шағым беруге немесе оларды тіркеуге және олардың тиімділігін мойындауға қойылатын талаптарға қатысты сіздің кез келген сұрақтарыңызға жауап алу үшін ШҚО уәкілетті органына pcm@ebrd.com мекенжайы бойынша хабарласу керек.